

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

## БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қаласы

2017 жылдың 14 қыркүйегі

### **KASE және Bank of China limited өзара ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE, Биржа) және Bank of China limited, өзара ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды. Меморандум аясындағы ынтымақтастық екі елдің ұлттық қаржы нарығын дамытуға өз үлесін қосады. Меморандум Алматы қаласында 2017 жылдың 14 қыркүйегінде "Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының ұлттық валютасымен есептеулер: ағымдағы жағдайы, үрдістер мен перспективалар" атты халықаралық конференция аясында жүзеге асырылды.

Қазақстан қор биржасы мен Bank of China limited арасындағы ынтымақтастық Қытай және Қазақстан компаниялары арасында ұлттық валютамен есептесулерді пайдалану үшін аса маңызды болып табылады.

"KASE және "Қазақстандағы Қытай Банкі" АҚ ЕБ (Bank of China limited қазақстандық еншілес банкі, *ескерту*. – KASE) жекелеген бағыттар бойынша көптеген жылдар бойы табысты өзара ынтымақтастықта, біз екі елдің ұлттық валютасымен есептесулер жүргізуді және юаньмен өнім желісін кеңейтуге ықпал ететін, ынтымақтастықтың дамуына қуаныштымыз. Бұл Қазақстан мен Қытайдың қаржы нарығын дамыту мүддесіне жауап беретін, біздің серіктестігімізді неғұрлым жоғары деңгейге көтеруге жасалған маңызды қадам. Биржа және Bank of China limited болашақта қазақстандық және қытай инвесторларына теңгемен және юаньмен номинацияланған қаржы құралдарының кең жиынтығын пайдалануға мүмкіндік беретін, жобалармен бірлесе жұмыс істейтін болады", – деп атап өтті KASE басшысы Алина Алдамберген.

"Біздің Банк бірлескен конференция өткізу және өзара ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қою біздің ынтымақтастығымызды нығайтуға ықпал ететініне, сондай-ақ Қазақстан мен Қытайдың ұлттық валютасымен сауда-саттықты және есептесулерді дамытуына жаңа серпін береді деп сенеді. Бұл жағдай, әсіресе, "Нұрлы жол" инфрақұрылымдық дамыту мемлекеттік бағдарламасы мен "Бір Белдеу – Бір Жол" бастамасында айқын көрініс тапқан,– деп "Қазақстандағы Қытай Банкі" АҚ ЕБ Басқармасының Төрағасы Лю Вэй айтты".

Конверсиялық операцияларды юань/теңге дамыту және саудаланатын құралдардың желісін кеңейту және бірлескен инвестициялық жобаларды жүзеге асыру KASE мен Bank of China limited тікелей үлесі болып табылады. Мұндай құралдардың қажеттілігі Қазақстан қор биржасында юань/теңге құралдары бойынша мәмілелердің көлемі өсіп отырғанын көрсетеді. Әсіресе, 2017 жылдың 8 айында көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 59 % артып отыр.

KASE және Қытай Банкі ынтымақтастығы 1999 жылдан бастап, "Қазақстандағы Қытай Банкі" АҚ Қазақстан қор биржасында мүшелік алғаннан бастау алады. Қазіргі уақытта, Bank of China limited қазақстандық еншілес банкі теңге/юань барлық валюталық жұптар құралдары бойынша маркет-мейкер, юань бойынша Биржаның есептеу банкі болып табылады.

####

### **Анықтама үшін**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) қаржы нарығында қызмет атқаратын, Орта Азия аймағындағы жетекші және Қазақстандағы жалғыз қор биржасы болып табылады. Бұл репо нарығы құралдары, шет елдік валюта, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар нарығындағы, халықаралық қаржы институттары, сондай-ақ туынды құралдар облигациялары үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады.

KASE Халықаралық федерациялар биржасының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржасы Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі.

KASE 2015 жылы БҰҰ "Қор нарығы тұрақты даму үшін" атты бастамасына қосылды. KASE ТМД елдерінің арасында бағалы қағаздармен сауда-саттық бойынша екінші орынға ие болды, сондай-ақ FEAS биржаларының акциялар нарығын қаржыландыру бойынша бестікке кірді.

**Bank of China Limited** 1912 жылы құрылған және 105 жыл бойы тек Қытай Халық Республикасының ғана емес, бүкіл әлемдегі ірі банкі болып табылады. 2006 жылы Bank of China limited акциялары Шанхай және Гонконг биржаларында бір уақытта айналымға түскен алғашқы қытай коммерциялық банкі болды. 2016 жылы Bank of China limited алтыншы рет қатарынан әлемдегі жүйе құрушы банктердің бірі мәртебесіне ие болды. Bank of China limited әлем бойынша 51 елде және аймақтарда филиалдары мен еншілес ұйымдары бар банк. "Қазақстандағы Қытай Банкі" АҚ Bank of China limited 100 % еншілес банкі, Қазақстан Республикасында 24 жыл бойы жұмыс істеуде және Қазақстан қор биржасында CNYKZT валюталық жұбымен сауда-саттық бойынша маркет-мейкер болып табылады. "Қазақстандағы Қытай Банкі" АҚ ЕБ басты мақсаты Қытай және Қазақстан Республикасы арасында экономикалық, сауда және қаржы ынтымақтастығына ықпал ету болып табылады.

*Дополнительная информация: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz*